

"БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" лицейі білім беру ұйымдарының 2022-2023 оқу жылының 7 сыныбына оқушыларды оқуға арнайы қабылдауды ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулықтар

1. Жалпы Ережелер

1. Осы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің “Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы” 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 тамыз күнгі №350 Бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылы 19 шілдедегі №289 бұйрығымен бекітілген Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 маусым күнгі №264 бұйрықтың 39 тармағына сәйкес әзірленді.

2. «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейі білім беру ұйымдарына (бұдан әрі- БИЛ) түсуге ниет білдіруші үміткерлер - Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін білім беру ұйымының әлеуметтік осал топтарына жататын 6-шы сынып оқушылары (бұдан әрі-Үміткерлер) бола алады.

2. Құжаттарды қабылдау тәртібі

3. Облыстарда және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 7 сыныпқа оқушы қабылдау конкурсын өткізу үшін БИЛ директоры бұйрығымен саны – 5 (алты) адамнан, құрамында лицей педагогтары мен мамандарынан тұратын қабылдау комиссиясы құрылады.

4. Қабылдау конкурсын ұйымдастыру үшін «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қоры (бұдан әрі-Қор) президентінің бұйрығымен саны – 5 (бес) адам, Қор басшылығы, әдіскерлер және мамандарынан тұратын жұмыс тобы құрылады.

3. Құжаттарды қабылдау рәсімі:

3.1. Конкурсқа қатысу үшін баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі 2022 жылғы 10-19 тамыз күндері аралығында “Білім-инновация” лицейлерінің құжаттарды қабылдау комиссиясының жауапты мүшесіне мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен өтініш;
- 2) ЖСН-ді көрсете отырып, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) баланың оқу орнынан ұйымның мөрімен расталған фотосуреті бар анықтама;
- 4) баланың 3x4 көлеміндегі 2 дана фотосуреті;
- 5) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын көрсете отырып, көшірмелері.

4) Қабылданатын білім алушылардың жалпы санынан 15% мөлшерінде іріктелетін халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындар:

1. мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын ауылдық жерден шыққан отбасының балалары;
2. ата-аналарының біреуі бірінші топтағы мүгедектігі бар отбасының балалары;
3. мүгедек баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған отбасылар;
4. жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
5. отбасыларда тұратын жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
6. төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар;
7. экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйінен айырылған отбасыларының;
8. мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқарған кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуға дайындалу немесе жүзеге асыру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларының балалары жатады.

5) 3.1. пунктте көрсетілген құжаттармен бірге жалпы 6 категория бойынша құжаттар қабылданады:

1. Қазақстан Республикасының egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы алынған атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растау туралы анықтамасы; баланың ауылды мекенде оқығанын растайтын тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымынан анықтама. Егер бала осы кезеңде бірнеше білім беру ұйымдарында оқыған болса, ауылдық жерлердегі әртүрлі білім беру ұйымдарынан бірнеше анықтаманы қоса беруге жол беріледі.
2. Баланың туу туралы куәлігі және ата-анасының мүгедектігі туралы анықтамасы (тек 1 топ);
3. Мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігі немесе бала асырап алу туралы куәлігімен қатар, ата-анасының куәлігі көшірмесі. Сондай-ақ, мүгедектігі туралы анықтама;
4. Жетім балалар үшін: баланың екеуінің де немесе жалғыз анасының (әкесінің) қайтыс болуы туралы анықтама. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

балалар үшін: өтініш берушінің қамқоршы немесе қорғаншы ретіндегі құқығын растайтын құжат. Қамқоршының жеке кәуәлігі көшірмесі;

5. Отбасында тұратын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар үшін: жетім балалардың отбасында тұратындығын растайтын құжат. Қамқоршы немесе қорғаншы жөніндегі анықтама;
6. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік орган немесе облыстық (республикалық маңызы бар қала, елорда) жедел штаб басшысының әлеуметтік төтенше жағдай режимін енгізу туралы шешімі; Төтенше әлеуметтік режимнің Өтініш беруші мен балаға әсер ететінін көрсететін құжаттар.
7. Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан өтініш берушінің тұрғынжайдан айыру фактісін растайтын құжаттар, сондай-ақ өтініш берушінің мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай/жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай беру үшін есепке қою фактісін растайтын құжаттар;
8. Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде өтініш берушінің отбасы мүшелерінің бірінің қаза табу (қайтыс болу) фактісін растайтын құжат (тар). Қайтыс болған азаматтың немесе азаматшаның отбасы мүшесі екендігін дәлелдейтін құжат(тар) (Бұл жағдайда баланың ата-анасы немесе қамқоршысы, баланың ата-анасы бір аға немесе әпкесі).

Мемлекеттік және қоғамдық міндеттерге нелер жатады:

- соттың қылмыстық істі Алқабилер ретінде қарауына қатысатындар, яғни соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы;
- бітімгершілік операцияға қатысушылар;
- азаматтық қорғауға қатысу (өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені);
- медицина қызметкерлерінің медициналық көмек көрсетуі;
- сайлау комиссияларының жұмысына қатысу.

Құжаттарды растау тәртібі:

- 1) Лицей мамандары құжаттарды қабылдап алады;
- 2) Коммисия құрамы құжаттардың түпнұсқалығын тексереді;

- 3) Құжаттардың түпнұсқалығы расталған соң, Үміткер 48 сағат ішінде **bilemtihan.kz сайтына тіркеледі;**
- 4) Үміткер туралы ақпарат сайтқа еңгізілген соң ғана ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне емтиханға қатысу үшін **рұқсатнама** қағазы жіберіледі.

Ескерту 1: Егер де құжаттардың түпнұсқалығы немесе сәйкестігі расталмаған жағдайда, Үміткердің ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне жауапты маман хабарласып, құжаттардың расталмағаны және Үміткердің қабылдау емханасына қатыса алмайтындығы туралы ақпарат беріледі.

Ескерту 2: Тапсырылып жатқан құжаттардың дұрыстығына және жасанды болмауына ата-аналар жауапты. Егер лицей, білім алушының барлық оқу мерзімі ішінде өтініш беруші тарапынан ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің жалған екендігі фактісін анықтаса, онда мектеп әкімшілігі тиісті білім алушыны лицейден шығаруға құқылы.

6. Конкурсты өткізу тәртібі

5. Қор конкурстық емтихан материалдарын дайындау үшін білім беру, оқыту орталықтарымен, ұйымдарымен келісім-шарт жасайды. Конкурстық іріктеу тапсырмаларына қойылатын талаптар жасалатын келісім-шарттың талаптарында көрсетіледі.

5.1 Барлық қағаз және электронды емтихан материалдары авторлық құқықпен қорғалып, тек емтиханда ғана пайдаланылады.

6. Конкурс 1 кезеңнен тұрады:

6.1. Конкурс кезеңнің өткізілу мерзімі: 2022 жылғы 21 тамыз күні.

Конкурста Үміткер 60 тесттік сұрақтардан тұратын емтихан тапсырады:

- ❖ Математика және логика – 40 сұрақ;
- ❖ Қазақ тілі – 10 сұрақ;
- ❖ Қазақстан тарихы – 10 сұрақ.

6.2. Емтихандағы тестілеудің қорытынды нәтижесін есептеуде белгіленген дұрыс жауаптар санының көрсеткіші – «4» (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, бір қате жауап «-1» (минус бір) коэффициентіне көбейтіледі. Соңында жалпы қорытынды шығарылады ($4 \cdot \text{Дұрыс жауап} + (-1) \cdot \text{қате жауап} = \text{Жалпы қорытынды ұпай}$).

6.3. Тестілеуге – 100 минут беріледі.

6.4. Тест материалдарын тарату, жауап парағының қызметтік секторларын толтыру, аудиторияда Үміткерге қойылатын тәртіп ережесін түсіндіруге кеткен уақыт тестілеуге берілген жалпы уақытқа кірмейді.

6.5. Тестілеу кезінде қағаз нұсқалар қолданылады.

6.6. Үміткерге Сұрақ кітапшасы және Жауап парағы беріледі. Үміткер берілген тапсырмаларды Сұрақ кітапшасында орындайды, есептерді шығару үшін қосымша парақ берілмейді. Жауаптарды Жауап парағына белгілейді. Үміткер Жауап

парағының қызметтік секторларын дұрыс толтырмаған жағдайда екінші рет Жауап парағы берілмейді.

6.7. Конкурс аяқталған соң жергілікті БИЛ қабылдау комиссиясы Жауап парақтарын Қорға жібереді.

6.8. Конкурс емтиханының қорытынды нәтижесін тексеруді жұмыс тобы мүшелері жүзеге асырады, бұл ретте нәтижелер үшін тек Жауап парақтарында белгіленген жауаптар есепке алынады, Сұрақ кітапшаларында жазылған ақпарат есепке алынбайды.

6.9. Конкурстың нәтижелерін қабылдау комиссиясы **2022 жылғы 25 тамыз** күні сағат 10:00-де **bilemtihan.kz** сайтында жариялайды. Үміткер мектептен емтиханға кіру үшін берілген рұқсатнамасында жазылған логин мен құпиясөзді пайдаланып, емтихан нәтижелерін көре алады.

6.10. Ескерту: Оқуға арнайы қабылдау емтиханы тек қана 2022 жылы 21 тамыз күні өткізіледі.

7. Конкурсты өткізу

7.1. Үміткерлер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз жағдай жасау жауапкершілігі БИЛ басшысына жүктеледі.

7.2. Конкурс басталғанға дейін БИЛ-ге ұсынылады:

- қабылдау комиссиясы туралы бұйрық шығару, емтихан кезінде оқытушылардың кезекшілік кестесін жасау;
- санитарлық нормалар мен әлеуметтік қашықтықты сақтау туралы педагогтармен және қызметкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- қызметкерлердің жұмысқа шығу кестесін жасау;
- ата-аналармен санитарлық нормаларды сақтау және конкурс кезінде әлеуметтік қашықтық туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында келушілерді үнемі бақылау.

7.3. Ата-аналарға (немесе өзге заңды өкілдерге):

- кез келген аурудың белгілері бар Үміткерді емтиханға алып келмеу;
- Үміткерді бетпердемен қамтамасыз ету;
- Үміткерді белгіленген емтихан уақытынан ертерек алып келу және емтихан аяқталғаннан кейін бірден алып кету.

7.4. Санитарлық-дезинфекциялық тәртіпті сақтау алгоритмі:

- лицейлерде қызметкерлердің, келушілердің, Үміткерлердің қолын өңдеуге арналған тері антисептиктері көзге көрінетін және қол жетімді орындарда орнатылу;
- жедел респираторлық инфекциялар (қызба, жөтел, тұмау) және басқа жұқпалы аурулардың белгілері бар қызметкерлер жұмысқа жіберілмеу;
- емтихан өтетін оқу сыныптарында залалсыздандыру (дезинфекциялау) құралдарын қолдана отырып, өңдеу жүргізілу;
- есік тұтқаларын, баспалдақ таяныштарын, терезе алды тақтайларын, санитарлық-техникалық жабдықтарды дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, бір күн ішінде екі рет өңдеу жүргізілу;

- жеткілікті мөлшерде дезинфекциялық және жуғыш құралдар, антисептиктер болу;
- ауыз су режимін сақтау (бір реттік стақандар);
- қабылдау комиссиясының мүшелерінде, кабинет пен қабаттар бойынша кезекшілерде, күзет қызметкерлері мен техникалық персоналдарда бетперделер, қолғаптар болу;
- оқушыларды кабинетке отырғызу, әлеуметтік қашықтық шарттарымен жүргізілу.

7.5. Емтиханға үміткерлерді жіберу бойынша:

- лицей фойесінде әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін едендік белгілер орнатылу;
- оқушылардың температурасын түйіспеусіз өлшеу термометрлермен тексерілу;
- қабаттар бойынша кезекшілер емтихан рұқсатнамасының мәліметтеріне сәйкес, Үміткерлерді кабинеттеріне өткізу;
- емтихан аяқталғаннан кейін, кезекші Үміткерді кабинеттен лицей фойесіне дейін шығарып салу.

8. Конкурс нәтижесін қайта қарау.

8.1. Конкурс нәтижесін қайта қарастыру мақсатында апелляция жасалмайды және өтініштер қабылданбайды.

8.2. Төмендегі мәселелер бойынша шағымдар қабылданбайды:

- 8.2.1. Тест тапсырмаларының мазмұны мен құрылымы бойынша;
- 8.2.2. Тест тапсырмаларын орындау кезінде Үміткерден талап етілген жалпыға бірдей міндетті тәртіп ережелерін бұзуы бойынша;
- 8.2.3. Тестілеу кезінде Үміткердің Жауап парағының бланкілерін дұрыс толтырмаған жағдайда, емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

9. БИЛ-ге оқушы қабылдау тәртібі:

9. БИЛ-ге оқуға қабылдау конкурсқа қатысу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

9.1. Конкурстың нәтижесін қорытындылау уақытысында екі Үміткердің ұпай сандары бірдей болған жағдайда, төменде көрсетілген (алғашқы саты бойынша) Үміткерлерге басымдылық беріледі:

- 1) Республикалық және Халықаралық пәндік олимпиадалар, спорттық жарыстар мен шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары;
- 2) Ауылдық (аудандық) елді мекен білім беру ұйымының оқушылары.

10. Конкурстық іріктеуден кейін негізгі және резервтік тізімдер жасалып, қабылдау комиссиясының хаттамасының шешімімен рәсімделеді.

11. БИЛ-ге қабылданған Үміткер оқудан бас тартқан жағдайда, оның орнына резервтік тізімнен келесі тұрған Үміткер шақырылады.

12. Оқуға қабылдау туралы шешім педагогикалық кеңес хаттамасымен рәсімделеді және БИЛ директорының бұйрығымен бекітіледі.

10. Қорытынды ереже

14. Осы Ережеде ескерілмеген, қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық құжаттары, ішкі құқықтық актілері мен жергілікті БИЛ-дің Жарғысында қарастырылғандар бойынша шешіледі.